

Қазақстан Республикасының
Президенті

ЖАРЛЫҚ



Президент
Республики Казахстан

У К А З

**Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтардағы
«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты
бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі
шаралар туралы**

Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жалпыұлттық жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік экономикалық жаңарту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауының қағидалары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелі негізде жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын, 25 қаңтарға және 25 шілдеге, жартыжылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жалпыұлттық жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев

Астана, Ақорда, 2012 жылғы 30 қаңтар

Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтардағы
«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты
Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі
жалпыұлттық іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1. Жұмыспен қамту				
1.	Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасының қанатқақты кезеңінің іске асырылу қорытындылары бойынша 2015 жылды қоса алғанда дейін іске асырылу тиімділігінің аралық индикаторларын айқындай отырып, оны толық ауқымда іске асыруға көшу және оған қолжеткізуді қамтамасыз ету	Мемлекет басшысына баяндау	Еңбекмині, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	2012 жылғы шілде
2. Қолжетімді тұрғын үй				
2	Құрылыс саласындағы қолданыстағы бағдарламаларға тексеру және талдау жүргізу, олардың негізінде жыл сайын 1 миллион шаршы метрге дейін жалға берілетін тұрғын үй салуды және жалға алу арқылы сатып алу тетігін, сондай-ақ құрылыс индустриясын дамыту жөніндегі шаралар кешенін көздейтін бірінғай «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасын әзірлеу және бекіту	Үкімет қаулысы	ҚТКША, ЭДСМ, Қаржымині, Еңбекмині, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы маусым

1	2	3	4	5
3. Өнiрлiк даму				
3	Әрбiр нақты қалалық экономиканы әртараптандыру, әлеуметтік саланы дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау жөнiндегi шараларды көздей отырып, Қалалық агломерациялар мен шағын қалаларды дамыту бағдарламасын қабылдау	Үкiмет қаулысы	ЭДСМ, ИЖТМ, МГМ, АШМ, БГМ, Еңбекминi, Қаржыминi, ТЖМ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкiмдерi Үйлестiрушi: Премьер-Министрдің Бiрiншi орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы маусым
4	Жергiлiктi өзiн-өзi басқаруды дамыту тұжырымдамасының жобасын енгiзу	Жарлық жобасы	ЭДСМ, Әдiлетминi, Қаржыминi Үйлестiрушi: Премьер-Министрдің орынбасары Қ.Н.Келiмбетов	2012 жылғы маусым
4. Тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудiң сапасын арттыру				
5	Халықтың компьютерлiк сауаттылығын арттыру жөнiндегi шараларды көздей отырып, 2012 жылдың соңына дейiн әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызмет көрсетулердiң 60%-ын, сондай-ақ лицензиялардың барлық түрлерiн электрондық форматқа көшiру	Президент Әкiмшiлiгiне есеп	КҚМ, ЭДСМ, Әдiлетминi, Қаржыминi, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкiмдерi Үйлестiрушi: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	2012 жылғы желтоқсан
6	2012 жылдың соңына дейiн әлеуметтік маңызы бар және неғұрлым талап етiлетiн рұқсат ету құжаттарын электрондық форматқа көшiру немесе халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы беру	Президент Әкiмшiлiгiне есеп	ЭДСМ, КҚМ, Әдiлетминi, Қаржыминi, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкiмдерi Үйлестiрушi: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	2012 жылғы желтоқсан

1	2	3	4	5
7	2012 жылы Ақтау, Алматы, Астана және Қарағанды қалаларында қанатқақты жобаны іске асырып, автокөлікті тіркеу мен жүргізуші куәліктерін беру мәселелерін халыққа қызмет көрсету орталықтарының қарауына беру	Президент Әкімшілігіне есеп	ІІМ, ККМ, Манғыстау, Қарағанды облыстарының, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	2012 жылғы желтоқсан
8	Лицензиялар мен рұқсат етулердің барлық түрін үштен бірге төмендетуді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды қамтамасыз ету	Заң жобасы	ЭДСМ, Әділетмині, ККМ, ЖРБА Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	2012 жылғы маусым
9	Рұқсат ету жүйесін одан әрі реформалауды көздейтін Тұжырымдама қабылдау және тиісті заң жобасын әзірлеуге кірісу	Үкімет қаулысы	ЭДСМ, Әділетмині, ККМ, ЖРБА Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	2012 жылғы шілде
5. Мемлекеттік қызмет				
10	Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия құру және 2012 жылдың бірінші жартыжылдығының соңына дейін президенттік кадрлық корпус қалыптастыру	Мемлекет басшысына баяндау	МҚА, ЭДСМ, Әділетмині Үйлестіруші: Президент Әкімшілігінің Басшысы А.Е. Мусин	2012 жылғы мамыр
6. Сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту				
11	Судьяларды іріктеудің, оқытудың және тағайындаудың тиімді тетігін енгізу бөлігінде судьялар корпусын қалыптастыру тәртібін түбегейлі қайта қарау бойынша ұсыныстар әзірлеу	Мемлекет басшысына ұсыныстар	ЖСК, ЖС, Әділетмині, БП Үйлестіруші: Президент Әкімшілігінің Басшысы А.Е. Мусин	2012 жылғы маусым
12	Сот жүйесін жетілдіру, оның ішінде судьялар корпусының жауапкершілігі мен біліктілігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Мемлекет басшысына баяндау	ЖС, ЖСК, Әділетмині, БП Үйлестіруші: Президент Әкімшілігінің Басшысы А.Е. Мусин	2012 жылғы маусым
13	Төрелік және аралық соттарды нығайтуды, оның ішінде	Заң жобасы	Әділетмині, ЖС, ЖСК, БП	2012 жылғы

1	2	3	4	5
	жалпы заң құзырындағы соттарға жүктемені төмендетуді көздейтін Заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізу		Үйлестіруші: Премьер-Министр К.Қ. Мәсімов	маусым
14	Жаңа Қылмыстық іс жүргізу кодексінің жобасын әзірлеу	Кодекс жобасы	БП, ЖС, Әділетміні, ЭҚСЖҚҚА, ІМ, ҰҚК Үйлестіруші: Бас прокурор А.Қ. Дауылбаев	2012 жылғы қараша
15	«Жеке детективтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Заң жобасы	Әділетміні, ІМ, БП, ҰҚК, ЭҚСЖҚҚА Үйлестіруші: Премьер-Министр К.Қ. Мәсімов	2012 жылғы қараша
16	«Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жеке құрамына кезектен тыс аттестаттау жүргізу туралы» Жарлық қабылдау және кезектен тыс аттестаттау жүргізу	Жарлық	ІМ, ТЖМ, Әділетміні, Қаржыміні, БП, ЭҚСЖҚҚА	2012 жылғы ақпан
17	Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ақшалай ризығын арттыру мен әлеуметтік дестесін кеңейту, сондай-ақ олардың техникалық жарақтандырылуы жөнінде ұсыныстар енгізу	Мемлекет басшысына баяндау	Үйлестіруші: Премьер-Министр К.Қ. Мәсімов	2012 жылғы шілде
17	Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ақшалай ризығын арттыру мен әлеуметтік дестесін кеңейту, сондай-ақ олардың техникалық жарақтандырылуы жөнінде ұсыныстар енгізу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	ЭДСМ, Қаржыміні, ІМ, ТЖМ, Әділетміні, Еңбекміні, БП, ЭҚСЖҚҚА Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Қ.Н. Келімбетов	2012 жылғы тамыз
18	Еуразия полициясын құру жөнінде ұсыныстар енгізу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар БЭК-ге қатысушы мемлекеттерге ұсыныстар	ІМ, БП, ҰҚК, ЭҚСЖҚҚА Үйлестіруші: Премьер-Министр К.Қ. Мәсімов	2012 жылғы маусым 2012 жылғы тамыз

1	2	3	4	5
19	Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламаға, онда, оның ішінде жаңа құқықтық тетіктерді, ақпараттық мүмкіндіктерді, жұртшылықты сыбайлас жемқорлық тәртіп бұзушылықтың алдын алуға кеңінен тартуды, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің шығыстарын мағлұмдауға көшуді көздей отырып, өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Үкімет қаулысы	ЭҚСЖҚКА, ҰҚК, БП, МҚІА, Әділетмині, Қаржымині, ЭДСМ Үйлестіруші: Премьер-Министр К.Қ. Мәсімов	2012 жылғы сәуір
	7. Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі			
20	«Назарбаев Университеті» ДБҰ-ның, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ-ның, «Кәсіпқор» холдингінің тәжірибесін ескере отырып, білім берудің барлық деңгейіндегі оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістер мен технологиялар енгізуді қамтамасыз ету	нормативтік құқықтық акті	БҒМ, ЭДСМ, «Назарбаев Университеті» ДБҰ, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ, «Кәсіпқор» холдингі, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	2012 жылғы мамыр
21	Педагогикалық білім стандарттарын, біліктілікті арттыруға қойылатын талаптарды жетілдіру және өңірлердегі педагогтардың біліктілігін арттыратын интеграцияланған орталықтар желісін дамыту арқылы педагогтық құрам деңгейін сапалы көтеруді қамтамасыз ету	нормативтік құқықтық акті Мемлекет басшысына баяндау	БҒМ, «Назарбаев Университеті» ДБҰ, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	2012 жылғы шілде
22	Қанатқақты режимде салалық қауымдастықтар арқауында бірқатар тәуелсіз біліктілікті бекіту орталықтарын құру (бір-екі салаларда)	нормативтік құқықтық акті	БҒМ, Еңбекмині, Қаржымині, ИЖТМ Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	2012 жылғы қараша

1	2	3	4	5
23	Мемлекеттік-жекеше әріптестік арқылы жастар үшін білімге қолжетімділік тетіктерін жетілдіру, ауылдық жерлерден және аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан жастардың жол жүруі мен өмір сүруіне жәрдем ақша бөлу, жоғары оқу орындары мен колледждер жағажаналарының желісін кеңейту жөнінде ұсыныстар енгізу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	БҒМ, Еңбекмині, Қаржымині, ҚТКШПА, ДСМ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	2012 жылғы наурыз
24	Жұмыс істейтін жастарға өндірістен қол үзбей кәсіптік-техникалық және жоғары білім алуға мүмкіндік беру жөнінде ұсыныстар енгізу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	БҒМ, ИЖТМ, Еңбекмині, Қаржымині, ҚТКШПА, ДСМ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	2012 жылғы маусым
25	Мектеп оқушыларының функциялық сауаттылығын дамыту жөнінде Ұлттық іс-қимылдар жоспарын бекіту	нормативтік құқықтық акті	БҒМ, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	2012 жылғы маусым
26	Патриотизмді, мораль мен парасаттылық нормаларын, ұлтаралық келісім мен толеранттылықты, тәннің де, жанның да дамуын, заңға мойынұсынушылықты сіңіру мақсатында меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан, барлық білім беру мекемелерінде үлгілік Оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі кешенді жоспар әзірлеу	нормативтік құқықтық акті Президент Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ, МАМ, СДША, ДПА, «Назарбаев Университеті» ДБҰ, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	2012 жылғы маусым
27	Қазақстан Республикасында Онкологиялық жәрдемді дамыту бағдарламасын қабылдау	Үкімет қаулысы	ДСМ, «Назарбаев Университеті» ДБҰ	2012 жылғы наурыз

1	2	3	4	5
			Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	
28	Астана қаласында Медициналық холдинг арқауында Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық құру жөнінде ұсыныстар енгізу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	ДСМ, «Назарбаев Университеті» ДБҰ	2012 жылғы наурыз
29	Азаматтардың өз денсаулығы үшін ынтымақтастық жауапкершілігі тетігін енгізуді ескере отырып денсаулық сақтау жүйесін дамыту жөнінде ұсыныстар енгізу	Мемлекет басшысына ұсыныстар	Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев ДСМ, ЭДСМ, Еңбекмині, Қаржымині, ҰБ	2012 жылғы маусым
30	Халықтың дене шынықтырумен және спортпен жаппай айналысуы үшін спорттық инфрақұрылымдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету тұрғысынан барлық спорттық объектілерге тексеру жүргізу және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасына өзгерістер енгізу	нормативтік құқықтық акті	Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев СДША, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері	2012 жылғы маусым
8. Зейнетақы жүйесін жетілдіру				
31	Салымшылардың зейнетақы қорларының инвестициялық саясатына ықпал ету мүмкіндіктерін көздей отырып, зейнетақы жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу	Мемлекет басшысына ұсыныстар	Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Қ.Н. Келімбетов	2012 жылғы маусым
9. Индустриялық-инновациялық жобалар				
32	2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджетті кальптастыру кезінде инновациялық кластерлердің инфрақұрылымын дамытуға қаражат көздеу	«2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заң жобасы	ИЖТМ, АШМ, ЭДСМ, Қаржымині, МГМ, БҚА, ҰҒА, ЖРБА, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, Назарбаев Университеті» ДБҰ	2012 жылғы тамыз
			Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н.Ахметов	

1	2	3	4	5
33	Қуаты 1320 мегаватт Балқаш ЖЭС-нің бірінші модулінің құрылысын бастауды қамтамасыз ету	Мемлекет басшысына баяндау	ИЖТМ, ЭДСМ, Қаржымині, БҚА, ЖРБА, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, Алматы және Жамбыл облыстарының әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы желтоқсан
34	«Жезказған-Бейнеу» теміржол желісінің құрылысын бастауды қамтамасыз ету	Мемлекет басшысына баяндау	КҚМ, Қаржымині, ЭДСМ, БҚА, ЖРБА, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, Қарағанды, Қызылорда, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарының әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы желтоқсан
35	«Арқалық-Шұбаркөл» теміржол желісінің құрылысын бастауды қамтамасыз ету	Мемлекет басшысына баяндау	КҚМ, Қаржымині, ЭДСМ, БҚА, ЖРБА, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, Қарағанды және Қостанай облыстарының әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы желтоқсан
36	«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізінің қазақстандық учаскесінің құрылысын аяқтауды қамтамасыз ету	Мемлекет басшысына баяндау	КҚМ, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің	2015 жылдың соңына дейін жартыжылдықта бір рет

1	2	3	4	5
			Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	
37	Кешенді минералдық тыңайтқыштар шығару жөніндегі зауыт құрылысын бастау үшін құжаттама әзірлеу	Мемлекет басшысына баяндау	ИЖТМ, ЭДСМ, МГМ, АШМ, Әділетмині, Қаржымині, Қоршағанортмині, ҚТКША, БҚА, ЖРБА, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, Жамбыл облысының әкімі Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы желтоқсан
38	Атырау мұнай өңдеу зауытында мұнайды терең өңдеу жөніндегі кешеннің құрылысын бастауды қамтамасыз ету	Мемлекет басшысына баяндау	МГМ, ЭДСМ, Қаржымині, ҚТКША, «Самұрық- Қазына» ҰӘҚ» АҚ Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы желтоқсан
39	Атырау облысында интеграцияланған газ-химия кешенінің құрылысын бастауды қамтамасыз ету	Мемлекет басшысына баяндау	МГМ, ЭДСМ, Қаржымині, ҚТКША, «Самұрық- Қазына» ҰӘҚ» АҚ, Атырау облысының әкімі Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы желтоқсан
40	Батыс Қазақстан облысындағы Қарашығанақ газ өңдеу зауытын жобалауды аяқтау	Мемлекет басшысына баяндау	МГМ, ИЖТМ, БҚА, «Самұрық- Қазына» ҰӘҚ» АҚ, Батыс Қазақстан облысының әкімі Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы желтоқсан

1	2	3	4	5
41	Астананы қоса алғанда, Орталық Қазақстанды газдандыру үшін «Қарталы-Тобыл-Көкшетау-Астана» газ құбырын жобалауды аяқтау	Мемлекет басшысына баяндау	МГМ, ЭДСМ, Қаржымині, ҚТКШПА, БҚА, ЖРБА, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарының және Астана қаласының әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы желтоқсан
42	Шикізат ресурстарын қайта өңдеу және оған қызмет көрсететін инфрақұрылым саласындағы индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыруға бағытталатын қаржылық қаражаттың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру жөнінде комиссия құруды қамтамасыз ету	Мемлекет басшысына баяндау	Президент Әкімшілігі, Үкімет, БП, ЭҚСЖҚҚА, ҰҚК, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері	2012 жылғы сәуір
43	ҒЗТҚЖ-ны қаржыландыру үшін инновациялық гранттарға шығыстар мөлшерін ұлғайту	Мемлекет басшысына баяндау	ИЖТМ, БҒМ, ЭДСМ, Қаржымині, ДСМ, АШМ Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы наурыз
44	«Назарбаев Университеті» ДБҰ-ның 2020 жылға дейінгі даму стратегиясында оны трансферт пен жаңа технологиялар құруға ықпал ететін инновациялық-интеллектуалдық кластер ретінде қалыптастыру мәселесін көздеу	стратегия жобасы	БҒМ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Назарбаев Университеті» ДБҰ Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	2012 жылғы сәуір
45	Ғылым мен инновациялар саласындағы мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының әлеуетін өрістету мақсатында Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне мемлекет-жекеменшік әріптестігінің жаңа пішіндерін енгізуді көздейтін заң жобасына енгізу	Заң жобасы	ЭДСМ, БҒМ, ИЖТМ, Қаржымині, БҚА Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Қ.Н. Келімбетов	2012 жылғы желтоқсан
46	Туризм саласындағы өсім нүктелері бойынша талдау жүргізу және ұсыныстар енгізу	Мемлекет басшысына баяндау	ИЖТМ Үйлестіруші: Премьер-Министрдің	2012 жылғы мамыр

1	2	3	4	5
			Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	
47	Алматы облысында әлемдік деңгейдегі тау шаңғысы курорттарын дамыту жоспарын қабылдау	Үкімет қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, СДША, Алматы облысының және Алматы қаласының әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы желтоқсан
48	Ақмола облысындағы Щучье-Бурабай курортты аймағын дамыту жоспарын қабылдау	Үкімет қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, Ақмола облысының әкімі Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы шілде
49	«Бизнестің жол картасы- 2020» бағдарламасына инновациялар енгізу үстіндегі ісін жаңа бастаушы және жас кәсіпкерлерді қолдаудың жаңа тетіктерін енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Үкімет қаулысы	ЭДСМ, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, «Даму» ҚДҚ» АҚ Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	2012 жылғы сәуір
50	Жекелеген қаржы-экономикалық, оның ішінде салықтық құқық бұзушылықтарды одан әрі қылмыссыздандыруды көздейтін Заң жобасын әзірлеу	Заң жобасы	Әділетмині, БП, ЭҚСЖҚА, Қаржымині, ІІМ Үйлестіруші: Премьер-Министр К.Қ. Мәсімов	2012 жылғы тамыз
51	Отандық және шетелдік инвесторлармен тұрақты консультациялардың институционалдық тетіктерін әзірлеу және енгізу	Үкімет қаулысы	ИЖТМ, ЭДСМ, Қаржымині Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы шілде
52	ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесіне сәйкес кәсіпорындардың бизнесті жауапкершілікпен жүргізудің ерікті қағидаттарын сақтауын ынталандырудың стратегиясын әзірлеу және іске	Үкімет қаулысы	ЭДСМ, Қаржымині, ИЖТМ, МГМ, Еңбекмині, Қоршағанортмині	2012 жылғы шілде

1	2	3	4	5
	асыру жөніндегі байланыс орталықтарын құруды қамтамасыз ету		Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Е.Т.Орынбаев	
53	ДСҰ-ға өту жөніндегі келіссөздер үдерісін аяқтау	Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға өтуі туралы хаттамаға қол қою	Экономикалық интеграция істері министрі, ЭДСМ Үйлестіруші: Премьер-Министрдің орынбасары Қ.Н. Келімбетов	2012 жылғы желтоқсан
10. Ауыл шаруашылығын дамыту				
54	Фермерлердің қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейту, оның ішінде аграрлық өндірістегі жекеше инвестициялардың тәуекелдерін төмендету үшін займдарды мемлекеттік кепілдендіру мен сақтандыруды енгізу есебінен кеңейту үшін балама жолдарды қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне есеп	АШМ, ЭДСМ, ҰБ, Қаржымині, «ҚазАгро ҰБХ» АҚ, облыстардың әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы шілдеде ұсыныстар 2012 жылғы желтоқсанда орындау
55	Бөлшек сауданы делдалдарсыз жүргізуді мемлекеттік қолдаудың тегігін әзірлеп, енгізу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар Мемлекет басшысына баяндау	ЭДСМ, АШМ, Қаржымині, БҚА, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы маусым 2012 жылғы желтоқсан
56	Астық саласының компанияларын шоғырландыру арқылы біртұтас астық холдингін құру	Мемлекет басшысына баяндау	АШМ, ЭДСМ, Қаржымині, КҚМ, БҚА, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ҚазАгро ҰБХ» АҚ, облыстардың әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы желтоқсан
57	«Мүйізді ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жобасын іске асыруды қамтамасыз ету	Мемлекет басшысына баяндау	АШМ, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ, облыстардың әкімдері	2012 жылғы желтоқсан

1	2	3	4	5
			Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	
58	Қой шаруашылығын, жемшөп өндірісі мен шалғайдағы жайылымдық мал шаруашылығын дамыту мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі салалық бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Үкімет қаулысы	АШМ, ЭДСМ, Қаржымині, БҚА, ЖРБА, облыстардың әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары С.Н. Ахметов	2012 жылғы қазан
11. Сыртқы саясат				
59	Мыналарды: 1) Астана экономикалық форумын; 2) Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезін; 3) Ислам Ғылымдастығы Ұйымындағы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымындағы төрағалықты аяқтау; 4) «Астана – 2012 жылғы Достастық елордасы» және «Астана – 2012 жылғы Түрік әлемінің мәдени елордасы» жылына арналған әлеуметтік мәні бар және мәдени іс-шаралар кешенін дайындап, өткізу	Президент Әкімшілігіне есеп	ЭДСМ, СІМ, Астана қаласының әкімі Съездің хатшылығы, СІМ, ДІА, Астана қаласының әкімі СІМ, МАМ, ІІМ, ҚКМ, ТЖМ, Астана және Алматы қалаларының әкімдері МАМ, Астана қаласының әкімі Үйлестіруші: Премьер-Министр К.К. Мәсімов	2012 жылғы мамыр 2012 жылғы маусым 2012 жылғы желтоқсан жыл бойы

1	2	3	4	5
60	Жаһандық энергиялық-экологиялық стратегияны және Астананың «Жасыл көпір» бастамасын алға жылжытуды қамтамасыз ету	Президент Әкімшілігіне есеп	Қоршаған ортаның, ИЖТМ, СІМ, БҒМ, Астана қаласының әкімі Үйлестіруші: Премьер-Министр К.Қ. Мәсімов	2012 жылғы желтоқсан
61	Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын қаржылық қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау	нормативтік құқықтық актілер Мемлекет басшысына баяндау	Қаржы министрі, ЭДСМ, Әділет министрі, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері Үйлестіруші: Премьер-Министр К.Қ. Мәсімов	жыл бойы 2012 жылғы желтоқсан

Ескертпе: аббревиатуралардың таратылып жазылуы:

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігі
 Әділет министрі - Қазақстан Республикасы Әділет министрілігі
 БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі
 БҚА - Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік)
 БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
 ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігі
 ДІА - Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі
 «Даму» КДҚ» АҚ - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы
 Еңбек министрі - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрілігі
 ЖС - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты
 ЖСС - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесі
 ЖРБА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі
 ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрілігі
 ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрілігі
 «Кәсіпкер» холдингі - «Кәсіпкер» холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
 Қаржы министрі - Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігі
 Қоршаған ортаның - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрілігі
 ҚТКША - Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі

«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ - «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
 МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
 МГМ - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі
 МҚА - - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
 «Назарбаев Университеті» ДБҰ – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы
 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы
 СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
 СДША - Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі
 «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ - «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
 Съезд Хатшылығы - Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің Хатшылығы
 ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
 ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
 ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
 ҰҒА – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі
 ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
 ЭДСМ - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі
 ЭҚСЖҚА - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)
 ҒЗТҚЖ – Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыс
 ЭЫДҰ – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

Қазақстан Республикасының
Президенті

ЖАРЛЫҚ



Президент
Республики Казахстан

УКАЗ

**О мерах по реализации Послания Главы государства народу
Казахстана от 27 января 2012 года «Социально-экономическая
модернизация – главный вектор развития Казахстана»**

В целях реализации Послания Главы государства народу Казахстана от 27 января 2012 года «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Утвердить прилагаемый Общенациональный план мероприятий по реализации Послания Главы государства народу Казахстана от 27 января 2012 года «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» (далее – Общенациональный план).

2. Правительству Республики Казахстан:

1) обеспечить неукоснительное и своевременное исполнение мероприятий Общенационального плана, а также проведение на системной основе информационно-разъяснительной работы по положениям Послания Главы государства народу Казахстана от 27 января 2012 года «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана»;

2) ежегодно, к 25 января и 25 июля, по итогам полугодия и года представлять в Администрацию Президента Республики Казахстан информацию о ходе выполнения Общенационального плана.

3. Первым руководителям государственных органов, непосредственно подчиненных и подотчетных Президенту Республики Казахстан, центральных и местных исполнительных органов, других государственных органов обеспечить неукоснительное и своевременное исполнение мероприятий Общенационального плана.

